

## СПОРТТАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОМАНДА ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 2 наурыз 1994 ж. N 85-ө. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 723 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.09.2022 № 723 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. 1993 жылғы 1 қаңтарда құрылған жалпы саны 1000 адамдық спорт түрлері бойынша штаттағы ұлттық команданы бұдан әрі де ұстау қажет деп есептелсін.

2. Спорт түрлері бойынша штаттағы ұлттық команданың негізгі, стажерлік және резервтік құрамына енгізілген спортшылар жаттығу күндерінде шығындардың қолданылып жүрген ақшалай нормасы бойынша жалпы лимиті жылына 250 мың адам-күндік тамақпен қамтамасыз етіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын бюджетті құрастыру кезінде штаттағы ұлттық команданы ұстау мен оларды керек-жарақпен жабдықтауға арналған шығындарды, оның ішінде валюта сатып алуға арналған шығынды еске алатын болсын.

Премьер-министр